

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы
«Геодезия және картография колледжі» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорыны**



**Бекітемін
Колледж директоры
Б.А.Салакчинов
20¹⁶ ж.**

ЖАТАҚХАНАДА ТҮРУ ТӘРТІБІ

Семей қ.

1.Жалпы ережелер

1.1. Колледж жатақханасында тұру ережесі (әрі қарай - Ереже) КР негізгі «Білім туралы» Заңы, Колледждің Жарғысы мен өзге де құқықтық нормативті құжаттарға сай жасалған.

1.2.Студенттік жатақхана уақытша орналастыруға және тұруға арналған:
- іштей оқу бөлімі кезеңінде.

1.3. Бейімделген студенттік жатақхана «Геодезия және картография колледжі» ҚМҚК – ның оқу түрмистық ғимаратында орналасқан.

1.4. Тұрғындарды жатақханаға уақытша орналастыру жетім, ата-анасының қамқорлығынан айырылған, аз қамтылған көпбалалы отбасылар, «Серпін - 2050» бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерге тағайындалған.

1.5. Жалпы студенттік жатақхана жұмысын басқару және материалдық базаны дамыту, тұрғындардың қауіпсіздігі, тұрмистық қызметтері, білім мекемесінің әкімшілігіне тағайындалған.

2. Студенттік жатақханада тұрғындардың тұру құқықтары мен міндеттері

Студенттік жатақхана тұрғындарының құқықтары:

- тағайындалған тұрғын орында (бөлмеде) оқу мекемесінің ішкі тұру ережесін сақтау арқылы берілген уақыт бойынша тұру;
- студенттік жатақханадағы оқу және мәдени – тұрмистық орындарды, құрал – жабдықтарды қолдану ;
- студенттік жатақханада басқа тұрғын орынға әкімшіліктік рұқсатымен ауысуға;

Студенттік жатақхана тұрғындарының міндеттері:

- Колледж Әкімшілігі бекіткен шарт бойынша тұрғын орында келісім бойынша орындауға;
- мәдени – тұрмистық және тұрғын орында жеке жұмыс жасау кезінеде, басқа да тұрғындарға бөгет жасамай, тыныштық сақтау;
- студенттік жатақханада тұру ережесі және ішкі тәртіп, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және қоғамдық қауіпсіздікті қатаң түрде сақтау;
- тұрмистық электр құралдарды қолдану тәртібін қатаң түрде сақтау;
- тұрғын орынға, құрал – жабдықтарға ұқыпты қарау;
- электр энергиясын, суық және ыстық суды үнемді пайдалану;
- тұрғын орында, қоғамдық орында тазалық сақтау;
- өз тұрғын бөлмесінде күнделікті тазалық, ал ас бөлмеге кезекшілік кестесі арқылы жасау;
- материалдық ағаттау кезінде, жарамды заң және шарт бойынша өтеу;
- жатақхана коменданттының талап етуі бойынша, жеке бас қуәлік құжаттарын ұсыну арқылы жатақханаға кіре алады;
- Әкімшілік, жатақхана коменданты, тәрбиешілер негізгі ережелер бойынша тұрғын бөлмелерді тексеру арқылы мүліктерді сақтауға және басқа да жұмыстардың алдын алуға қамтамасыз ету.

3. Колледж жатақханасына тұру ережесі және орналасу тәртібі

3.1. Жеке өтініштері, тұрғын орынға негізделген шартты жасап жатақханаға орналасады.

3.2.Шарт екі көшірмеде болады, біреуі тұрғында, екіншісі Колледж Әкімшілігінде сақталады.

3.3.Жатақхана комендантты тұрғында жеке өтініші, жолдамасы және жеке күелігін тексеру арқылы орналастырады.

3.4.Жатақханаға орналаспас бұрын жатақханаға қатысты негізі Заң, жалпы ереже, техника қауіпсіздігі, тұрмыстық электр құралдар, тұрмыстық радиоаппарат және газды құралдарды пайдалану туралы нұсқаулықтармен таныстыру. Жатақхана комендантты нұсқаулықпен таныстырады.

3.5. Егер де шартты бұзған жағдайда жатақхананы (тұрғын орынды, бөлмені) З күн ішінде босатуға міндettі, комендантқа кету қағазын, тұратын орнын (тұрғын орын, төсек орын, бөлме) таза түрде және барлық алған заттарды дұрыс қалпында өткізу керек.

3.1.1. Жатақханадан шығу және кіру уақыты 07-ден 22-00-ге дейін;

3.1.2.Әркім жеке алған жиһаздарға, бөлме және қоғамдық орындағы құрал - жабдықтарына (қол жуғыш, ас бөлме, әжетхана т.б.) жауапкершілікті жеке бастарына алады;

3.1.3.Кетер алдында тәрбиешіге тұрғын барлық алған заттарын таза түрде өткізіп кету керек.

3.2. Тұрғынға жатақханада тыйым салынады:

- өз еркімен басқа бөлмеге ауысуға;

- өз еркімен басқа бөлмелердегі заттарды ауыстыруға;

- өз еркімен электр тоқтарды жөндеуге, жалғауға;

- жатақханада басқандай шу және діріл, селкілдеу сияқты жұмыстар жасауға, басқа тұрғындардың тыныштығын бұзуға;

- сағат 22.00-ден 07.00 аралығында теледидар, магнитафон т.б. дауыс шығатын құралдарды қатты қосуға, басқа тұрғындарға бөгет жасауға;

- тұрғын орынға жабыстырма қағаздарын жабыстыруға болмайды, тек сабак кестесі, хабарландыру сияқтылар;

- жатақхана ішінде темекі шегуге;

- сағат 22-00-ден кейін басқа бөлмелерге кіруге;

- жатақханаға бөгеде адамдарды кіргізуге және қондыруға;

- жатақханаға спирт қабылданап кіруге болмайды, құрамында спирт бар сусындар, сыра, т.б. кіргізуге, сақтауға тыйым салынады.

Жатақханада тыйым салынады:

- құрамында спирт бар және есірткі сияқты заттарды сатуға;

- есіктерге қосымша замок салуға, комендатқа ескертпей ауыстыруға;

- тұрғын орынға от шығатын заттарды қолдануға;

- жатақханада үй жануарларын асырауға, кіргізуге;

- қолайсыз және басқа тұрғындарға жайсыздық жасайтын заттарды кіргізуге.

3.3. жатақханаға орналасу үшін қажетті құжаттар:

- құжат, жеке бас күелігі;

- колледж жатақханасына жолдама;

- өтініш.

4. Жатақханадағы күн тәртібі

сағат 7.00. - 7.15 . - ұйқыдан тұру;

сағат 7.15. - 07.45. - таңғы тазалық және бөлме тазалығы;

сағат 07.45. - 08.10. - таңғы ас;

сағат 08.10. - 08.15.- қоқыс шығару;

сағат 08.30. - сабак басталу;

сағат 08.30. -11.40 . - колледжде сабак;

сағат 11.40. - 12.10 . - түскі ас;

сағат 12.10. - 17.00. - колледжде сабак;

сағат 17.00. - 18.00 . - кешкі ас;

сағат 18.00. - 19.00 . - бос уақыт;

сағат 19.00.-22.30 . - сабак қаруа;

сағат 22.30. - 23.00. - ұйқыға дайындық;

сағат 23.00. - ұйықтау.

Студенттік жатақханада өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулық

5. Өрт пайда болу кезіндегі әрекет тәртібі

5.1. Жатақханада немесе бөлмеде өрт пайда болу кезіндегі келесі әрекеттер:

5.1.1. Тез киініп, жеке заттарды алып, басқа адамдардың жиналудына көмектесіп (егер ұйықтап жатса, ояту), эвакуация жоспары бойынша жатақханадан шығу;

5.1.2. Қауіпсіз жерге тұр (жатақханадан алышта);

5.1.3. Өзінмен бірге бір бөлмедегілердің шыққан шықпағаны туралы хабарлау ;

5.1.4. Тәрбиешілерге және көшірілген тұрғындарға көмектес.

6. Электр қауіпсіздігін талап ету

6.1. Негізі білу қажет:

Жатақханажа немесе бөлмеде өртті алдын алу жағдайда келесі өрт қауіпсіздігі ережесін орындау керек:

- дұрыс істемейдін электр құралдар, қорек көздерін қосып, өшіретін құрылғыларды пайдалуға тыйым салынады;

- қолдан жасалған ұзартқыштар, резеткаларды пайдалануға тыйым салынады;

- ораусыз сымдармен жалғанған электр құралдар, жалғанған сымдарды пайдалануға тыйым салынған;

- топталған және тез еритін заттарды қоқысқа тастамау;

- тоққа қосылатын заттарды қараусыз тастама (үтік, шәугім, ұялы телефон қуаттандырғыштар);

- ауа қыздырғыш құралдар қолданба;

- қолдан жасалған қыздырғыш заттарға тыйым салынады;

- электр құралдарды, орамдарды күнделікті тексеру;

- жолда үймеленген заттар және жиһаздар тұруға тыйым салынады.

6.2. Жатахқанада темекі шегуге қатаң тыйым салынады.

6.3. Егер де қандай да бір қоңырсық иіс, күйік көрсөн лезде тәрбиешілерге немесе комендантқа хабардар ету керек.

6.4. Құралдарда тұйықталу жағдайы болса, лезде тоқтан ажырат.

6.5. Кез келген жатақхана студенті өрт шыққан жағдайда немесе құралдар дұрыс іске қосылмаған жағдайда тәрбиешіге немесе комендантқа хабардар етуге міндетті.

6.6. Кез келген студент электр құралдарын пайдалану нұсқаулықтарын білу қажет және алғашқы көмек көрсете алу керек .

Электрқауіпсіздік ережесін бұзғаны үшін кінәлі тұлға, әкімшілік және материалдық түрде айып салынады.